

«8D02310 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған

Жусубалина Жанат Мейірбековнаның

«Қазақ медиаментінінің құрылымындағы англицизмдердің қолданылуы (лексика-семантикалық және когнитивтік-прагматикалық аспектілер)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Қазақ медиаментінінің құрылымындағы англицизмдердің қолданылуы (лексика-семантикалық және когнитивтік-прагматикалық аспектілер)» тақырыбында орындалған диссертация тілдің жаһандану жағдайындағы даму бағытына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	1. Диссертацияда мемлекет бюджетінен қаржыландырылған жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалғандығы туралы ақпарат берілмеген.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	2. Диссертацияда басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғандығы жайлы мәлімет көрсетілмеген.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы), Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен) бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	1. Англицизмдердің тақырыптық негізде топтастырылуының ғылыми негіздемесі жасалған. Англицизмдердің тақырыптық негізде топтастырудың артықшылықтары: 1.1 Динамикалық сипат – лексикалық бірліктердің қолданылу аясындағы өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді. 1.2 Практикалық қолданыс – бұл жіктелім журналистика, жарнама және терминология салаларында тиімді қолданылатыны, мсалалық

			терминдердің ішінде ағылшын тілінен енген кірме сөздің басымдығы айқындалды. 1.3. Салалылық пен контекстуалдылық – әрбір англицизмнің қандай әлеуметтік немесе кәсіби саламен байланысты екенін анықтайды. 2. Англицизмдердің прагматикалық қызметтері айқындалған Медиамәтіндердің оқылымдығын, тартымдығын арттыратын маңызды тетік – англицизмдер екенін дәйектеуі прагмалингвистика, контрастивті лингвистика ғылымдарын жетілдіруге негіз болды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алды. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерттеген, зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады (10-ші беттегі 14 жарияланым).
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	4.1 Диссертациялық жұмыстың өзектілігі англицизмдердің көпмағыналылығы, жаңа мағынаға ие болуы, мәнмәтіндерде мағына өзгертуі тұрғысынан негізделген (5-бет). Бұқаралық коммуникациядағы англицизмдер тілге серпіліс жасайтынын, түрлі ықпалын тигізетінін, бұл коммуникациядағы белгілі бір өзгерістің көрінісі екенін, бұл қазіргі қоғамдағы жаңа үдерістердің бірі екенін және оны зерттеу қажеттігін жіті түсіндірген. 4.2. Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (9 бет). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да тілдегі англицизмдердің лексика-семантикалық қызметі мен прагматикалық тактикасын дәйектейтін құрал ретінде жұмсалатынын зерттеген. Диссертацияның үш тарауында да негізгі зерттеу нысан – англоцизмдер кірме лексика ретінде зерттеледі. Бірінші тарауда англицизмдердің қазақ медиамәтініне ену себептерін: технологиялық даму, нарықтық экономика, цифрлық мәдениет, жаңа медиа ерекшеліктері арқылы дәлелдеген. Екінші тарауда қазақ медиамәтініндегі англицизмдік кеңістікке көзқарас: қандай мақсатта және қандай интенциямен қолданылатыны зерттелген. Үшінші

			тарауда англицизмдердің семантикалық өрісі, тілдегі көпмағыналық, коннотациялық/денотаттық ерекшеліктері қарастырылған.
		4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	4.3 Диссертацияның максаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді, жұмыстың максаты - нақты, сол максатқа жету үшін көзделген міндеттер зерттеу жұмысының бағытына сай сатылы құрастырылған, яғни қиыннан жеңілге қарай реттелген. Алдымен әлемдік тіл біліміндегі зерттеулерге шолу, одан кейін англицизмнің когнитивті-прагматикалық бағыттағы зерттеулеріне шолу, содан кейін барып, лексика-семантикалық аспектіде зерттеуді міндеттеген. Барлық міндеттер орындалған.
		1) <u>сәйкес келеді</u> ;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	4.4 Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысының мазмұнынан хабар беретін анықтама ұсынылған. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған.
		1) <u>толық байланысқан</u> ;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	4.5
		1) сыни талдау бар;	1) Диссертант медиамәтіндегі англицизмдердің сөйлеу актілері тұрғысынан белсенділігіне эксперимент жасаған. Джон Серльдің сөйлеу актілерінің жіктелуіне сүйене отырып, 100 медиатақырыпта кездескен англицизмдердің прагматикалық қызметі анықтаған. Нәтижесінде:
		2) <u>талдау ішінара жүргізілген</u> ;	Ассертивті сөйлеу актілері – 60% (ақпараттық мазмұнды жеткізу);
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	Экспрессивті сөйлеу актілері – 11% (эмоциялық әсер, стилистикалық бояу);
		4) талдау жоқ.	Директивті сөйлеу актілері – 10% (оқырманға бағытталған нұсқау, талап);
			Комиссивті сөйлеу актілері – 9% (уәде, болашақ жоспарға бағдар);
			Декларативті сөйлеу актілері – шамамен 10% (жағдайды өзгерту сипатындағы актілер) деген эксперимент шешімі жаңа.
			2) Қазақ тіліндегі ағылшын экзотизмдерінің қолданылу себептері мен кірме сөздерден айырмашылығын түсіндіруі жаңа, Яғни экзотизмді бейәдеби сөз болуы да мүмкін, мәдениетке жат, әсерлілік үшін қолданылатын, стилистикалық, прагматикалық ренк үстемелейтін белгілерімен танытса, кірме сөздің негізгі белгілері – әдеби тілден

			орын алатын, жалпыадамзаттық нормативті қолданыста болатын, коммуникативтік қажеттілікке байланысты жиілігі жоғары, көп жағдайда терминдік бірлік болатын нышандарын дәйектеуі жаңа.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Біріншіден, англицизмдердің кірігу уақыты мен себептерін талдауы және әрбір кірме сөздің тіркесімділік өрісінің қарқындылығын көрсетудегі хронологиялық принципі жаңа. Мысалы: селфи – кірігу уақыты – 2014. Тіркесімдері: <i>Селфи жасау, селфи таяқ(ша), селфи ханишайымы, топтық селфи, селфи жариялау, селфи дәуірі, селфи дерт, селфи байқау, сәтті селфи, сәтсіз селфи, селфи рекорд, селфи сүйгіш, селфи сурет.</i> Екіншіден, англицизм – ағылшын тілінен қазақ тіліне енген тілдік элемент деген тұжырымы және англицизмдерді 4 топқа бөліп қарастыруы ішінара жаңа. 1. Толығымен ағылшынша сөздер / мәтіндер (<i>«Amazing kids», «Lady gum», «Black Friday»,</i>) 2. Гибридті мәтіндер (<i>«Төлемдер үшін MacBook», «Неліктен Halyk Easy»</i>) 3. Латынша жазылған қазақ сөздері (<i>Bauyrdaq, Tatti alem</i>) 4. Кириллицамен жазылған ағылшын сөздері (<i>«шеф твистер керемет», «Экспресс-несие»</i>).
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	
			Бірінші тарау бойынша қорытындылары: Англицизм кездесетін тілде міндетті түрде экзотизмдер де қалыптасатыны туралы талдауы жаңа. Э. Хауген ұсынған кірме сөздер жіктелімі дәстүрлі әдіспен емес, когнитивтік және функционалдық тұрғыдан зерттеудің нәтижесімен топтастырылғанын дәйектеуі бұрыннан бар қағиданы толықтыру. Екінші тарау қорытындылары: Әлеуметтік желілер дискурсында англицизмдер бейсаналық деңгейде қабылданатын тілдік бірлікке айналғанын дәлелдегені және англицизмдердің сөзжасамдық үлгілерін («трольдеушілік», «лайкылдату», «флудтау», «комменттеу») жинақтап, модельдерін ұсынуы жаңа. Үшінші тараудың қорытындылары: англицизмдердің стилистикалық қызметі, яғни бейнелі-бағалауыштық мағынада қолданылуын айқындау және оны троптық жіктелімге бөлуі жаңа. Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері ішінара жаңа және негізделген.

		1) толығымен жаңа;	Тіл ғылымында жасанды интеллектінің, LLM қорын қазақ тілінде жасақтау үшін әрбір сөздің сан түрлі мағыналық түрленімі мен реңкін әзірлеу, БАҚ дискурсындағы англицизмдердің прагматикасын, яғни белгілі бір дәттеммен қолданылуын түсіндіру қазіргі қоғамның сұранысы болып отыр. Осы тұрғыдан аталмыш жұмыстың нәтижелері мен талдаулары қазақ тілінің сөздік қорын цифрландыру ресурстарын әзірлеуге негізделеді.
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Англицизмдер тілдің сөздік құрамын кеңейтетінін, баламасы жоқ жаңа реалийлер ретінде сөздік қордан, терминдік қордан орын алатынын және тілдің даму динамикасын, тілдегі заманауи модерн бар екенін танытатын лексикалық бірлік екенін лексика-семантикалық зерттеулермен дәлелденген. Англицизмдер медиа мен әлеуметтік желіде жаһандану, технология және мәдени алмасуға байланысты адамзаттың дүниетанымы мен ойлау жүйесіндегі өзгерістерді көрсете алатынын, англицизмдерді жиі қолдану және оның мағынасын түсіну қоғам мен адамдарды “ақпараттанған” немесе “прогрессивті” топ өкілі екенін көрсететінін когнитивті аспектіде дәлелдеуге тырысқан. Англицизмдер тілдің заманауи даму бағытын көрсететін тілдік трендтің бірі екенін, яғни бұл сөздер бірегейлік (идентификациялық) қызмет атқаратынын, көптілділікті қалыптастыратын табиғи тілдік құбылыс екенін лингвопрагматикалық бағытта зерттеуге талпынған. Қосымшада көрсетілгендей, 100 англицизмнің тілге ену кезеңін таныстырған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма?	7.1. Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 1) Қазақ медиамәтініндегі англицизмдер — жаһандану мен мәдени ықпалдастық нәтижесінде қалыптасқан лексикалық қабат деп қарастыруы жаңа. Бұл тұжырымды жаңа мағынадағы немесе бірнеше мағынада жаңғырған англицизмдерге лексика-семантикалық талдау жасау арқылы дәлелденген. 2) Медиамәтінде қолданылатын англицизмдер лексика-семантикалық жағынан бейімделіп, ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарына сай қызмет ететіні қазақ тіліне енген англицизмдердің тақырыптық тобымен дәлелденген.

		1) ия;	3) Англицизмдер медиамәтіннің коммуникативтік тиімділігін арттыру құралы ретінде маңызды рөл атқаратыны прагматикалық аспектіде, яғни жаңа мағыналы кірме сөздердің белсенділігі мен жиілігі арқылы дәлелдеуге тырысқан. 7.2. Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер жаңа. Олар мыналар: 1) Англицизмдер стилистикалық бірлік ретінде танылған, яғни медиамәтінде англицизмдер көріктеуіш құрал адресатқа ықпал ету манипуляциялық мақсатта жұмсалатынын дәйектеуі жаңа. 2) Англицизмдер жарнамалық құрал ретінде бренд атаулардың, мандайшалардың, тіпті көше атауларының ағылшын графикасымен жазылуы тілдегі жаһанданудың көрсеткіші ретінде дәлелденуі жаңа. 3) Экзотизмдерді англицизмнің құрамдас бөлігі ретінде және ол мәдениаралық қарым-қатынастың салдарынан туындайтынын, сондай-ақ инкультурация мен аккультурацияның нәтижесі екенін айқындауы жаңа. 4) Англицизмдерді лексикалық бірлік аясында емес, адам мәдениеті мен қоғам мәдениетін танытушы құрал ретінде қарастырған ғалымдардың тұжырымдарын сараптауы және салыстыруы ішінара жаңа. 7.4. Диссертация қағидаттарының қолданылу деңгейі кең. 1) Тілдік үдерістерді түсіндіруде теориялық маңызы зор. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар қазіргі қазақ тілінің дамуындағы жаһандану әсерін жіті түсіндіреді. Бұл тұжырымдар тіл білімінің лексикология, семасиология, когнитивтік лингвистика және прагматика салаларында ғылыми зерттеулер жүргізуге негіз болады. 2) Англицизмдердің медиамәтіндегі қызметін зерттеу медиасарапшыларға, редакторлар мен журналистерге мақсатты аудиторияға бағытталған тиімді тілдік стратегиялар жасауға мүмкіндік береді. 3) Диссертациялық тұжырымдар жоғары оқу орындарындағы тілдік курстарда, медиа сауаттылық, лексикология пәндерінде оқыту материалы ретінде қолданыла алады.
		2) <u>жок</u> ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) <u>ия</u> ;	
		2) жок;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) <u>кең</u>	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) <u>ия</u> ;	
		2) жок	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			4) Англицизмдердің қолданылуы ұлттық және жаһандық мәдениеттер тоғысындағы мәдениетаралық байланыстарды зерттеуге жол ашады. Бұл – аударматану саласында өзекті. 7.5. Мақалада дәлелденген. Диссертация мазмұнын насихаттайтын 13 мақала жарияланған. Барлық мақалада англицизмнің қызметтері талданған.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдістері дәстүрлі бағытта тандалған. Бірінші тарауда англицизмдердің мағыналық құрылымын, семантикалық өзгерісін (мағына кеңеюі, тарылуы, ауысуы) зерттеу мәтіндік материалға сүйене отырып жүзеге асырылған. Эмпирикалық әдіс арқылы нақты мысалдар іріктеліп, жүйеленген. Екінші тарауда англицизмдердің медиамәтіндегі қызметі мен әсерін, яғни олардың оқырман санасында қандай бейне қалыптастыратынын, қандай прагматикалық мақсатта қолданылатынын зерттеу үшін прагматикалық әдістер қолданылған. Сондай-ақ сауалнама әдісі арқылы англицизмді түсініп қолданатындар, түсінбей қолданатындар мониторингін анықтаған. Жүйелеу әдісі қолданылған. Тақырыптық топтарға іріктеу, ғалымдардың тұжырымдарын топтастыру, стилистикалық көріктеу құралдары бойынша мысалдарды іріктеу индуктивті-дедуктивті әдістердің ізімен орындалған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) <u>ия</u> ;	Дереккөздер ретінде англицизмдерді жиі қолданған мерзімді және электронды БАҚ материалдары жиналған. Қазақ тіліндегі медиамәтіндер (әлеуметтік-саяси газеттер: Егемен Қазақстан, Алматы Ақшамы, Оңтүстік Қазақстан), әлеуметтік желілер мен ғаламтор сайттары (instagram, tiktok, facebook, nur.kz, Kazsport, egemen.kz, okg.kz, aqshamnews.kz, 24.kz, baribar.kz, inform.kz, tengrnews.kz, massaget.kz, zakon.kz, forbes.kz, vesti.kz, khabar.kz, qazsporttv.kz, kapital.kz, vk.com, gov.kz, qazaqstan.tv), жарнама мәтіндері мен мандайшалары, қазақ тілінің лингвистикалық және түсіндірме сөздіктері. Барлығы 199 газет мақалалары, 390 онлайн жарияланымдар мен 434 жарнама мәтіндері қамтылған.
		2) жок.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған. Диссертант CorelDRAW графикалық редакторын пайдалана отырып, англицизмдердің жарнамалық қызметтегі суреттерін таңдаған. Англицизмнің жастар тіліндегі қолданыс жиілігін айқындайтын мониторинг жасаған.
		1) <u>ия</u> ;	
		2) жок.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Ия. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. 52-53-54 беттегі кестелер мен диаграммалар. Жарнама мәтіндеріндегі англицизмдердің көрсеткішін растайтын диаграмма. (110-бет) Жарнамадағы англицизмдердің көрінісін растайтын аргументті суреттер (109-бет)
		1) <u>ия</u> ;	
		2) жок.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны –168 пайдаланылған электронды ресурс саны – 17. Отандық және шетелдік әдебиеттер пара-пар. Пайдаланылған әдебиеттер диссертация мазмұнына сай таңдалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	
			Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, қазақ, орыс және ағылшын ғалымдарының тілдегі англицизм үдерісін зерттеудегі еңбектері, электрондық дереккөздерді қосқанда 185 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
	9	Практикалық құндылық қағидаты	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар лексикология және медиалингвистика пәндерінен дәріс беруде қолданыла алады.

			Англицизмді зерттеу тиімді коммуникация үшін маңызды. Англицизмді дұрыс пайдалану немесе түсіну қазіргі адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді. Англицизмдерді қолданудың тиімді және тиімсіз тұстары адамның тілдік санасындағы аялық біліміне тікелей байланысты екені айғақталған. Ұлттық тілді дамыту үшін кірме сөздің, әсіресе англицизмдердің пайдасы мен зияны сарапталған. Бұл деректер тіл зерттеушілері үшін едәуір теориялық және практикалық ғылыми дерек бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Англицизмді зерттеу ұлттық тілдің даму динамикасын, сөздік қордың жаңалану теңгерімін анықтауда маңызды рөл атқарады. Сондықтан диссертацияның практикалық маңызы, қазақ тілінің сөздік құрамы мен қорындағы кірме англицизмдердің пайыздық көрсеткішін зерттеуде септігін тигізеді.
		1) <u>ия</u> ;	Англицизмдердің жиілігін анықтау арқылы қазақ тілінің виртуалды кеңістіктегі сапалық көрсеткішін тануға мүмкіндік туғызды.
		2) жок.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Біріншіден , англицизмдердің тақырыптық топқа жіктеуі жаңа, бірақ тым шектеулі.
		1) толығымен жаңа;	Екіншіден , англицизмдердің қазақ тіліне ену (кірігу) уақытын анықтауы жаңа, бірақ 100 бірлікпен шектелген.
		2) <u>ішінара жаңа</u> (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған.
		1) <u>жоғары</u> ;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		1) Орфографиялық қателер бар (7, 109, 113, 117 беттер) 2) А қосымшасы да Ә қосымшасы секілді түсініктемесімен рәсімделсе диссертация мазмұнын арттыра түседі. Б және В қосымшалары артық.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант диссертациялық тақырыбын зерттеу барысында скопус базасындағы журналға 1 мақала, Қазақстан Республикасының Жоғары білім және Ғылым министрлігі Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда 6 мақала, халықаралық ғылыми конференцияларда 7 мақала жариялаған. Бұл жарияланымдар диссертация қорғау талаптарына толық сәйкес келеді. Диссертацияның 11-ші бетінде көрсетілген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		8D02310– Филология мамандығы бойынша Жусубалина Жанат Мейрбековнаның «Қазақ медиамәтін құрылымындағы англицизмдердің қолданылуы (лексика-семантикалық және когнитивтік-прагматикалық аспектілер)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін

Ресми рецензент:

А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
Лексикология бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

2 маусым 2025 жыл



Амирбекова Айгүл Байдебековна

